АТАУДАН НЕГЕ АЛЖАСТЫҚ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ЖОЛ АПАТЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

7-БЕТ | САРАПТАМА

«СЫЛАҢ ҚЫЗ» САХНАҒА ШЫҚТЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс. Әрбір басшы елмен етене жұмыс істеуі керек, тұрғындармен сенімді байланыс орнатуы қажет. Сонда жұрт та оның бастамаларын қолдайды, ел үшін пайдалы іске жұмыла кіріседі. Әкімнің абырой-беделі дегеніміз – осы.

№136
(4724)
Бейсенбі
14 қараша
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Оңалхан ӨНЕРХАН, Сұлтан СЕЙІТ

БАС ҚАЛАНЫҢ ӨРЛЕУ БАҒЫТТАРЫ

Елордада әлеуметтік нысандарды салуға ерекше маңыз беріліп отыр. 3 жылда 60-қа жуық мектеп салу жоспарланған. Ал осы жылдың соңына дейін 24 мектеп іске қосылмақ. Сондай-ақ көпсалалы аурухана, перзентхана және балабақша құрылысы да жүргізіледі. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесу барысында елорданың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, алдағы атқарылар жұмыстарды атап айтты.

5

ХАЛЫҚ САНЫ АРТТЫ

Ұлттық статистика бюросы 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халық санына қатысты жаңа мәліметті жариялады.

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халық саны 20223218 адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары – 12704977, ауыл тұрғындары – 7518241 адам. 9 айда халықтың жалпы өсімі 189376 адамды құрады.

«2024 жылдың 9 айында Қазақстанда 278,7 мың бала дүниеге келді, қайтыс болғандар саны – 99,5 мың адам. Осылайша, халықтың табиғи өсімі 179,2 мың адамды құрады» делінген хабарламада.

Туудың ең жоғары деңгейі Түркістан облысында (1000 тұрғынға 25,04 адам), Маңғыстау облысында (24,84) және Шымкент қаласында (23,68) байқалды. Сонымен қатар алғашқы жарты жылдың ішінде 95 мың неке қиылып, 29,3 мың ажырасу тіркелді.

ДӨҢГЕЛЕКТІ АУЫСТЫР!

Қысқы маусымда жазғы дөңгелекпен жүрген жүргізушілер айыппұл төлейді.

Елімізде ресми түрде көлік жүргізудің қысқы маусымы 1 желтоқсанда басталады. Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметі ұсынған ресми мәліметтерге сай, M1 және N1 санаттағы автомобильдер жазғы кезеңде (маусым, шілде, тамыз) қарға қарсы шиналармен жабдықталған болса, ал қыс мезгілінде (желтоқсан, қаңтар, ақпан) қысқы шиналар орнатылмаса, көлікті пайдалануға тыйым салынады. M1 санатына жеңіл автомобильдер, ал N1 санатына жүк көліктері жатады. Техникалық регламентті сақтамаған жүргізушілер үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл көзделген. 2024 жылы бұл айыппұл сомасы – 18460 теңге.

БЕДЕУЛІК НЕГЕ БЕЛЕҢ АЛДЫ?

6

АСЫҚ АТУДАН – АЛТЫН

Астаналық спортшылар асық атудан әлем кубогында алтын медаль иеленді.

Түркия астанасы Анкарада өткен асық атудан ересектер арасындағы әлем кубогы жарысына 10 елдің спортшылары қатысып, қазақстандық спортшылар жеңімпаз атанды. Байрақты бәсекеде Қазақстан намысын қорғаған 6 спортшының 5-еуі алтын, 1-еуі күміс жүлдеге ие болды. Соның ішінде 2 астаналық спортшы Аружан Сүйментай (бірінші сақа) және Балмира Бекбосынова (екінші сақа) алтыннан алқа тақты. Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы 1-орынды жеңіп алды. 2-орынды қырғыз спортшылары иеленсе, үздік үштікті түркиялық спортшылар түйіндеді.

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

СУ МӘСЕЛЕСІНЕ ЖАҺАН НАЗАРЫН АУДАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-конференциясы аясында Бакуде өткен климат саласындағы іс-қимыл жөніндегі әлем көшбасшыларының саммитіне қатысты.

Пленарлық сессияның ашылуынан кейінгі алғашқы сөз Қазақстан Президентіне берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстан жаһандық климат күн тәртібін қолдайтынын растап, табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде биік мақсат қойғанын еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндетті орындау үшін нақты қаржыландыру көздері мен заманауи технологияларға арқа сүйейтінін айтты. Сондай-ақ «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCQG) аясында табиғат өзгерістеріне осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айрықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды.

«Әлемдегі зиянды шығарындылардың 1 пайызы ғана Орталық Азия елдеріне тиесілі. Соған қарамастан бұл аймақ көптеген климаттық қатерге ұшырап отыр. Табиғаттағы өзгерістерге қарай әрекет ету шараларының тиімділігін арттыру үшін біз жасанды интеллект, жерсерік арқылы мониторингтің озық технологияларын, қауіпті алдын ала ескертетін, су және жер ресурстарын анағұрлым тиімді басқаратын басқа да цифрлық құралдарды белсенді қолдануға тиіспіз» деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға көшу маңызды екенін жеткізді. Қазақстан «көміртекті егіншілікке», яғни ауаға таралатын парниктік газдардың мөлшерін азайту және топырақты құнарландыру арқылы ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізуге қай жағынан да қолайлы мемлекет. Бұған еліміздегі ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектар жер мүмкіндік береді. Президент қызығушылық танытқан тараптарды Қазақстанның осы саладағы әлеуетін зерттеуге шақырды.

«Еліміз әлемдік уран жеткізу ісінің 43 пайызын қамтамасыз етеді және көміртегі мөлшері төмен қуат көзі саналатын ядролық энергетиканы дамытуда маңызды рөл атқарады. Биыл қазан айында өткен жалпыұлттық референдумда халқымыздың басым бөлігі Қазақстанда атом электр станциясын салуды қолдады. Біз осы саладағы жетекші технологиялық алпауыттармен серіктесе отырып, аталған жобаның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзіндегі су ресурстарына қатысты проблемаға тоқталды.

«Климаттың өзгеруі жаһандық су цикліне әсер етіп отыр. Әлемдегі табиғат апаттарының 80 пайыздан астамы су төңірегінде орын алады. Биыл біздің еліміз бұрын-соңды болмаған алапат су тасқынымен бетпе-бет келді. Келешекте осындай төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етіп, одан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарын тез атқару үшін қауіп-қатерді басқарудың кешенді жүйесін енгіземіз. Су мәселесіне жаһан назарын аудару мақсатында биыл желтоқсан айында Франциямен бірлесіп One Water саммитін өткіземіз. Форумға қатысушылар су ресурстарын жаһандық деңгейде басқару мәселелерін талқылайды. Бүгінде Каспий теңізіне қауіп төніп тұр. Әлемдегі ең үлкен көлді құтқару – баршаға ортақ міндет әрі бұл ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Осы орайда Президент Ильхам Әлиевтің Каспий маңы мемлекеттерінің сарапшылар тобын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Сонымен қатар Қазақстан Арал теңізін құтқару үшін нақты іс-шаралар қабылдап жатыр» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Әзербайжанның COP29-ға табысты төрағалық еткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Ильхам Әлиевке ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы әділ, инклюзивті әрі ашық климаттық күн тәртібін қалыптастыруда Қазақстанның халықаралық серіктестермен ықпалдастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді. Саммитте 80-нен астам мемлекеттің басшылары, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілері сөз сөйледі.

САММИТ АЯСЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР

Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-конференциясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекет басшыларымен, халықаралық құрылымдар жетекшілерімен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Финляндия – Қазақстанның Солтүстік Еуропа аймағы мен тұтас Еуропа Одағындағы сенімді әрі уақыт тезінен өткен серіктесі. Мемлекеттер басшылары екіжақты қарым-қатынасты, атап айтқанда, сауда-экономика және мәдени-гуманитарлық

салалардағы байланыстарды одан әрі дамытуға бейіл екенін жеткізді. Сонымен қатар фармацевтика, өнеркәсіптік машина жасау және инженерия сияқты салаларда фин компанияларымен бірлесе қолға алған жобалардың табысты жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Бұдан бөлек, тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, сондай-ақ көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты. Қазақстан Президенті Финляндияның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету ісіне табыс тіледі. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Финляндия президенттері бір-біріне сапармен баруға келісті. Бұл сапарлар Астана мен Хельсинки арасындағы саяси және экономикалық серіктестікті нығайтуға тың серпін береді.

ТАҚ МҰРАГЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев COP29 Дүниежүзілік климат саммиті аясында Кувейттің Тақ мұрагері, шейх Сабах Халид әл-Хамад Ас-Сабахпен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Кувейтті Қазақстанның араб әлеміндегі маңызды серіктесі ретінде атап өтті. Президент екі ел арасында тұрақты саяси диалог пен экономикалық ықпалдастық дамып келе жатқанына назар аударып, Қазақстанның Кувейтпен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Кувейттің Қазақстан экономикасына қаржы құятын ірі инвестордың біріне айналуға әлеуеті мол екеніне сенім білдіріп, елімізде бірқатар Кувейт компаниясының табысты жұмыс істеп жатқанын мысалға келтірді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Сабах Халид әл-Хамад Ас-Сабах бірлескен инвестициялық жобаларға баса мән бере отырып, сауда-экономикалық байланыстарды жандандыра түсу жөнінде уағдаласты.

МЕЖЕ – 15 МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесті. Мемлекет басшысы бауырлас Түркия Президентімен Баку төрінде кездесіп отырғанына қуанышты екенін жеткізіп, биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы келісімге 30 жыл толғанын атап өтті.

«Қазір де бауырластық қарым-қатынасымыз қарқынды дамып жатыр. Саяси деңгейде сындарлы диалог бар. Үкіметтеріміздің ықпалдастығы артып келеді. Түркия – Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Былтыр екіжақты сауда-саттық 6 миллиард долларға жетті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас стратегиялық сипатта дамып келе жатқанын атап өтіп, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын одан әрі жандандыру үшін мол әлеует бар екенін айтты.

«Қадірлі бауырым, келесі жылы Анкарада өтетін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысы барысында ауыл шаруашылығы, қорғаныс, энергетика, көлік-логистика, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салаларда маңызды келісімдерге қол жеткізетінімізге сенімдімін. Біз Қазақстанмен арадағы сауда айналымын 15 миллиард долларға дейін арттыруға ұмтыламыз» деді Түркия Президенті.

Бұл ретте Режеп Тайип Ердоған түрік компаниялары Қазақстан экономикасының әртүрлі секторында табысты жұмыс істеп жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, түрік бизнесмендері Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін игеру, АЭС салу және мұнай-газ тасымалы бағытында тәжірибе бөлісіп, өзара тиімді серіктестік құруға дайын.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Ислам даму банкінің президенті Мұхаммед Сулейман әл-Джассерді қабылдады. Кездесуде бұған дейін қол жеткізілген келісімдерді іске асыру және ынтымақтастық перспективасына қатысты мәселелер талқыланды. Қоршаған ортаны қорғау саласына, соның ішінде климаттық өзгеріс салдарын жеңілдету және «жасыл» энергетикаға көшу шаралары бойынша бірлескен жобаларға баса назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық экологиялық сын-қатерлер мен Қазақстанның орнықты дамуға ұмтылысы жағдайында бұл бастамалардың маңызы зор екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Климат өзгерісіне төзімді су ресурстарын дамыту» жобасы бойынша қаржылық және техникалық келісімнің бірінші фазасына қол қойылғанын айтты. Аталған жобаны іске асыру Қазақстанның 7 облысында 8 су қоймасы мен жалпы ұзындығы 3450 шақырым болатын 115 каналды, 1 қарсы реттегішті салуға және жөндеуге мүмкіндік береді. Бұл еліміздің аграрлық саласында 332 мың гектардан астам алқапты сумен үздіксіз қамтамасыз етеді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін Ислам даму банкінің басшылығына ризашылығын білдірді. Келіссөздер қорытындысы бойынша қол қойылған құжаттарды алмасу рәсімі өтті. Келісім сомасы 1,153 миллиард долларды құрайды, сондай-ақ 3,5 миллион доллар көлемінде грант беріледі. Бұл – банктің 51 жылдық тарихындағы ең көлемді қаржыландыру жобасы.

30 ЖЫЛДАҒЫ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ

Қасым-Жомарт Тоқаев ІСАО кеңесінің президенті Сальваторе Шаккитаноны қабылдады. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ІСАО) басшысымен кездесу барысында авиация саласын дамыту перспективасы талқыланды. Мемлекет басшысы ІСАО-мен нәтижелі ынтымақтастық орнатқан 30 жыл ішінде Қазақстанның ұйым стандарттарына сәйкестігі 82 пайызға жеткенін атап өтті. Бұл – дамыған Еуропа елдерімен тең деңгейдегі көрсеткіш. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әуежайларды жаңғырту, әуе кемелері паркін ұлғайту және «ашық аспан» режимін енгізу бағытындағы дәйекті шаралардың нәтижесінде ұшу географиясы айтарлықтай кеңейіп, халықаралық рейстердің саны артты.

Өз кезегінде ІСАО кеңесінің президенті Қазақстанмен әуе тасымалының қауіпсіздігі және тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатындағы серіктестікті одан әрі нығайтуға қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді. Сонымен қатар еліміздің азаматтық авиация саласындағы табысын жоғары бағалады.

ИМАМҒА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әл-Азһар» университетінің Жоғарғы имамы Ахмед ат-Тайебпен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мұсылман үмбеті үшін білімнің, рухани тәлім-тәрбие мен ізгіліктің шамшырағы саналатын «Әл-Азһар» университетінің абырой-беделіне Қазақстан жұртшылығы зор құрметпен қарайтынын жеткізді. Президент толеранттылық пен конфессияаралық диалогтың нығаюына зор үлес қосқаны, сондай-ақ ислам дінінің шынайы қағидаттарын дәріптегені үшін Жоғарғы имамға ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Ахмед ат-Тайебті келесі жылы Астанада өтетін VIII Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне қатысуға шақырды.

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

СТРАТЕГИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

COP29 Дүниежүзілік климат саммитінің аясында мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Ильхам Әлиев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Мемлекет басшысы айтулы оқиға орнықты дамуға ортақ ұмтылыс тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті.

«Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою – Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ өңірлерінің үшжақты ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезең. Құжат елдеріміздің энергетикалық жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ Еуропа елдері мен басқа да нарықтарға экологиялық таза энергияны жеткізетін сенімді дәліздерді қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұнда Қазақстан ірі транзит аумағы ретінде үлкен рөл атқарады. Аталған келісімнің нақты нәтижелері үш елдің экономикаларын біріктіріп, Орта дәлізді «жасыл көпір» ретінде дамытуға ықпал етеді. Бұл маңызды саладағы тығыз ынтымақтастық мемлекеттер арасындағы тәжірибе мен озық технологияларды алмасуға серпін береді, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздігімізді нығайтуға септігін тигізеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көміртегі бейтараптығына жетуді көздейтін Қазақстан үшін жасыл энергетика маңызды бағыт саналады.

«Біз қазба байлықтарға тәуелділікті азайтуға белсенді түрде кірістік. Технологиялық инновацияларды дамытып, экологиялық орнықты өркендеуге демеу болатын инфрақұрылым құруға бет бұрдық. Қазақстан шетелдік серіктестермен жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді» деді Мемлекет басшысы.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев келісімдер үш мемлекет арасындағы бауырластық қатынастар мен стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге шығаратынын атап өтті.

«Орталық Азия мен Кавказ өңірі көптеген мәселе бойынша, соның ішінде «жасыл» энергияны дамыту саласында бірлесіп әрекет етеді. Біз қайта жаңғыртылатын энергия көздері бағытында Қазақстан мен Өзбекстанның ауқымды жоспарлары мен қол жеткізген жетістіктері жайында жақсы білеміз» деді Әзербайжан Президенті.

Өзбекстан Президентінің пікірінше, бұл келісім экономикалық мақсатты ғана көздемейді, бұл – болашаққа қосылған ортақ үлес.

«Аталған жобаның экологиялық маңызын ерекше атап өткім келеді. Желден, күннен алынатын қуат климаттың жұмсаруына әсер етеді. Осы арқылы біз Париж келісімі аясында климатты қорғау жөнінде бірлескен күш-жігерге қолдау білдіріп, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге атсалысамыз» деді Шавкат Мирзиёев.

Бұдан бөлек, іс-шарада мемлекеттер басшыларының қатысуымен Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Әзербайжанның Энергетика министрі Парвиз Шахбазов, Өзбекстанның Энергетика министрі Журабек Мирзамахмудов және Сауд Арабиясының Энергетика министрі Әбдел Азиз бен Салман Әл Сауд Жасыл энергияны дамыту және беру саласындағы ынтымақтастық туралы атқарушы бағдарламаға қол қойды.

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАРҒА ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Бас қалада қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру шеңберінде бірқатар жұмыс жоспарланған. Бұл жайында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі жеке парақшасы арқылы хабарлады.

Атап айтқанда, Жамбыл көшесі, №8 үйдің маңында қоғамдық аумақ абаттандырылады. Ал Керегетас және Г.Потанин көшелерінің қиылысында мектеп салынады. Республика даңғылы мен Гете көшесінің қиылысында коммерциялық жайлар мен жерасты автотұрағы бар көпқабатты тұрғын үй кешені бой көтереді.

Мәслихат төрағасының айтуынша, қаланың 2024-2025 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу бойынша отырыс өтіп, онда әртүрлі маңызды жобаларға қаржы бөлу қажеттілігі айтылды. Бұл жобалар ішкі саясатты, жастар саясатын және дін саласын қамтиды. Соның ішінде жұмыспен қамту, есірткіге қарсы күрес жобаларын жүзеге асыру мәселелері бар.

УАҒДАЛАСТЫҚ ЖАСАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-конференциясы (COP29) аясында Греция Премьер-министрі Кириакос Мицотакиспен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Грекияны Қазақстанның Жерорта теңізі аймағы және Еуропа Одағындағы сенімді серіктесі ретінде атап өтіп, Афины еліміздің Еуропа Одағына мүше мемлекеттер арасындағы бес ірі сауда әріптесінің бірі екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Кириакос Мицотакис қазақ-грек ынтымақтастығының әлеуетін жоғары бағалап, барлық бағыттағы өзара байланыстарды тереңдетуге дайындығын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кириакос Мицотакис сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты нығайтуға бейіл екенін растап, өзара сауда-саттықты әртараптандырудың маңызына тоқталды.

Кездесуде белсенді саяси диалог жүргізу жөнінде уағдаластық жасалды. Греция Үкіметінің басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанға сапармен келу туралы ұсынысын ризашылықпен қабыл алды.

АСТАНА СУ ҚОЙМАСЫНА ГРАНТ БЕРІЛДІ

Ислам даму банкі Қазақстанның су саласына $1,15 млрд инвестиция салады. Тараптар Бакуде өтіп жатқан БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында (COP29) тиісті келісімге қол қойды.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров бұл Ислам даму банкінің тарихындағы қаржыландырған ең көлемді жобасы екенін атап өтті. Сонымен қатар Ислам даму банкі (ИДБ) Қазақстанның су саласын дамытуға $3,5 млн көлемінде өтеусіз грант бөлді. Сондай-ақ ИДБ Су ресурстары және ирригация министрлігі әзірлеген «Климат өзгерісіне төзімді су ресурстарын дамыту» жобасын іске асыруға қатысады. Бұған дейін тараптар жобаның бірінші кезеңі бойынша келіссөздер хаттамасына қол қойған болатын.

Қаржыландырылатын жобаның бірінші кезеңі Астана су қоймасын толықтыру жөніндегі жобаны қоса алғанда, 4 жаңа су қоймасын салуды және жұмыс істеп тұрған 4 су қоймасын реконструкциялауды, 115 каналды реконструкциялауды және күрделі жөндеуді қарастырады. Құрылыс жұмыстары Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Батыс Қазақстан, Жетісу облыстарында және Астана қаласында жүргізіледі.

Бұдан басқа, жоба ИДБ мен министрлік арасындағы Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының су және өзен бассейндерінің мәселелерін зерделеудегі техникалық ынтымақтастықты, сондай-ақ су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы үшін ерте ден қою жүйелерін енгізуді бағалауды көздейді. Оның ішінде «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын техникалық жарақтандыру және су ресурстарын басқаруды жетілдіру үшін автоматтандыру орталығын салу жоспарлануда.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорданың 2024-2026 жылдарға арналған мәдениет және спорт салаларын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың қалай жүзеге асып жатқанын білу мақсатында бірқатар мәдени және спорт нысандарын аралап, жағдайымен танысты.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, Астаналық цирк және «Жастар» театры ғимараттарының жағдайы зерттеліп, аталмыш нысандарға күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге мемлекеттік сараптама әзірлеу басталды. Ал №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және «Жеңіс» спорт кешеніне қосымша спорт залы керек. Бұл үшін қосымша құрылыс салу қажет. «Осы мәселелер қала әкімдігі мен мәслихаты әзірлеген екі бағдарламалық құжаттың аясында қарастырылған» дейді Ерлан Каналимов. Бұл мәселелер жақында мәслихаттың отырысында талқыланады.

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

ҮШ АЛЫПҚА АРНАЛДЫ

Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы, ҚР Ұлттық музейі және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірлесе ұйымдастыруымен «Ұлы адамдардың ерлігін ұлықтау» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.

Жиын ұлтымыздың үш бәйтерегі – Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай олардың өмірі мен шығармашылығын, қайраткерлігін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылғанын айтқан философия ғылымдарының кандидаты, профессор, ЕҰУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Күлзира Искакова тарихи тұлғаларымыздың тағылымы қашанда ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

Іс-шараны «Алқа» радиосының директоры, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Серік Сейтман жүргізді. Жиналыс барысында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Сансызбай Есілов сөз сөйледі.

«Жазушылар мен ақындардың қай қоғамда болмасын алатын орны ерекше. «Жазушы бір ұрпақты ғана емес, тұтас ұлтты тәрбиелейді» деген сөз дұрыс айтылса керек. Мына іс-шара қазақтың үш бәйтерегі атанған Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналып отыр. Жастарды патриотимзге, адамгершілікке баулитын осындай шаралардың алдағы уақытта да көбірек өтуіне тілек білдіремін» деді Сансызбай Есілов.

Бұдан кейін Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, сәкентанушы Марат Әбсеметов «Сәкен Сейфуллиннің зерттелмеген қырлары мен беймәлім сырлары» тақырыбында баяндама жасап, тақырыпқа орай тың деректерді көпке мәлім етті. Сондай-ақ Еуразия ұлттық университеті тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Өмірбай Бекмағамбетов «Бейімбет Майлин – шындық, әділдік, адамгершілік үшін күрестің символы» және осы университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының Phd докторанты Жауынбай Жылқыбайұлы «Дәуір данасы – Ілияс Жансүгіров: өмірі мен шығармашылығы» атты, ал ілиястанушы Ілияс Рыспекұлы «Ғасырлар тоғысы және алыптардың белгісіз қырлары» тақырыбында баяндама жасады.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ АСПАП БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Астана қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Жастар сарайында елордадағы жоғары оқу орындарындағы студенттер арасында «Jastar jalyny-2024» ұлттық аспап домбыра байқауы өтті.

Ұйымдастырушылар байқаудың басты мақсаты ұлттық рухымызды оятып, жастардың домбыраға әуестігін туғызу екенін айтады. Аталған шығармашылық фестивальға қатысушыларды бағалауға келген әділқазылар алқасының құрамында елге танымал қоғам және мемлекет қайраткері Төлеген Қуанышұлы, күйші, композитор, Е.Рахмадиев атындағы Астана филармониясы қазақ оркестрінің дирижері Нұрлан Бекенов, дәулескер күйші, сазгер Қайырғали Әбіш сияқты азаматтар болды. Нәтижесінде I орын жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан Қазақ ұлттық өнер университетінің өнерпаздарына бұйырды. II орынды Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті алса, III орынды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жеңіп алды. Ал арнайы сыйлық үшін дайындалған қоғам және мемлекет қайраткері Төлеген Қуанышұлының «Ғасыр саңлағы» атты кітабы «Тұран-Астана» университетінің студентіне бұйырды.

– Домбыра – қазақтың жаны. Домбыра шертіп, неше түрлі күйді құйқылжыта орындаған жастар болашағымыздың осы бір ұлттық аспаппен тығыз байланыста екенін дәлелдегендей болды. Себебі қазақ барда қазақтың ұлттық өнері, оның ішінде күйге деген құрмет мәңгілік жойылмайды. Жастарымыз ұлттық аспаптардың үні арқылы өз елінің жанын түсінеді. Отанға, ұлтқа деген құрмет ең әуелі ұлттық музыка өнері арқылы оянуы керек деп ойлаймын. Міне, мұндай тәрбие бүгінгі жастарға ауадай қажет екенін уақыт өзі дәлелдеп жатыр, – деді қазылар алқасының мүшесі Оспан Сүлейменұлы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

Елордада Мағжан Жұмабаев атындағы Халықаралық жоғары колледжде «Үздік-2024» қалалық байқауының салтанатты жабылуы өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Биыл 375 қатысушы «Үздік» атағы үшін күресіп, 150-ден астам сарапшының қатысуымен көшбасшылар анықталды. Сайыс жұмысшы мамандықтардың маңызы мен беделін арттыру, кәсіптік оқытудың озық тәжірибесін насихаттау, жұмыс берушілердің назарын қаланың кәсіптік білім беру жүйесінде жұмысшы кадрларды даярлауға тарту және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, жастарды Астана қаласы экономикасының нақты секторларына тартуға бағытталды.

Ұйымдастырушылардың сөзінше, байқау биыл үшінші жыл қатарынан өтті. Бірақ колледж студенттері бұл жолы алғаш рет қатысуда. Былтыр қатысушылар 5 кәсіби құзыреттілік бойынша ғана сайысқа түссе, осы жылы 25 жұмысшы мамандықтар арасында ауқымды байқау ұйымдастырылды.

Қалалық байқау 20 күнге созылып, 10 колледжде бірқатар жұмысшы мамандықтардың көшбасшылары белгілі болды. Олардың ішінде құрылыс және жөндеу жұмыстары, аспаздық және кондитерлік өнімдер, мейрамхана қызметі, IT-шешімдер, шаштараз өнері, кәсіпкерлік, сондай-ақ педагогика және бала күтімі секілді салалар бар.

Байқау қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған 75 қатысушы жеңімпаз атанып, алдағы уақытта World Skills-2025 қалалық чемпионатына қатысуға ұсынылды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталып, үздіктерге Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы және колледждердің әлеуметтік серіктестері бағалы сыйлықтар табыс етті.

Астана қалалық мәслихатының №6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына кандидаттарды тіркеу туралы Астана қаласы округ сайлау комиссиясының 2024 жылғы 8 желтоқсандағы сайлау ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарастырып, Астана қалалық мәслихатының №6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Астана қаласы округ сайлау комиссиясы мынадай кандидаттарды тіркеді:

Николайчук Максим Олегович – 1981 жылы туған, «GT drive Academy» ЖК кәсіпкері, Астана қаласында тұрады;

Құспан Лаззат Райханқызы – 1970 жылы туған, «СалауатСтройСервис лтд» ЖСШ директоры, Астана қаласында тұрады;

Баубек Нариман Асқарұлы – 1982 жылы туған, «Baiterek Engenttring» ЖСШ директоры, Астана қаласында тұрады.

Астана қаласы
№6 округ сайлау комиссиясы

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

АТАУДАН НЕГЕ АЛЖАСТЫҚ?

Қазақстанда кез келген асханаға кіріп ас мәзіріне көз жүгіртсеңіз, қате жазылған, ұлттық ұғымымызға сай келмейтін атаулардан көз сүрінеді. Керек десеңіз, басқа ұлттарды былай қойғанда, қазақтың өзі кекесіндеу деп түсінетін «бешбармақ» секілді атау да сол аз мәзірінің ең басында тұр. Үлкен қалаларда, халық жиі қоныстанған өңірлерде «бешбармақ» немесе «бесбармақ» дейтін атауға ие асхана, дәмхана, мейрамхана да көп. Сондай дәмхананың бірін Астанадан көрдік.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тәуелсіздік даңғылы бойындағы «McDoner`s кафесі» – жұрт көп баратын орынның бірі. Бірақ осы дәмхананың маңдайшасындағы «Бешбармақ орталығы» деген сөздің түбі шикі атау екенін жұрттың көбі ескере бермейді.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты еңбекте «бұл – қазақтың бас тағамының орыс тілінен ауысып қалыптасқан атауы. XIX ғ. қазақ арасына тілмаш боп келген татар-башқұрттардың қамыр қосып тартқан етті қолмен алып жегенін білдіретін «беш бармак» деген атаумен байланысты қалыптасса керек. Соңғы бірнеше ондаған жылдар ішінде басқа халықтардың, әсіресе орыс тілділердің айтуымен қазақша еттің жалпы атауы ретінде қолданысқа еніп кеткен. Қазақ ешқашан қонағына тартқан ең басты асы – етті бұлай атамаған» деп анықтама берген.

Сөздің этимологиялық тұрғысынан алып айтсақ, қазақта «беш» деген сөз жоқ, ал қолда бас бармақ қана болады, қалғаны – саусақ. Демек, бұл – аяғы ақсақ, көзі соқыр, мұрны пұшық, қазақы ұғымға мүлде сай келмейтін атау. Бірақ соған қарамай кейбір қазақтардың өздері де «бешбармақ» деп атап жүргені – сипай қамшылап айтсақ ұят, турасын айтсақ әбестік.

Қазақта еттен жасалатын қуырдақ, сірне сияқты ет тағамдарының түр-түрі бар. Буы бұрқырап, қазы-қартасы, жал-жаясы мен жамбас-жілігі төңкеріліп келетін ең басты тағамы – еттің орны қазақ үшін әрқашан бөлек. Оған басқа ат қойып әуре болмаса да, қазақтың кәде бойынша таратын ет тағамы тамақтың төресі десек қателеспейміз.

2000 жылдардың басы болса керек, ақын Қонысбай Әбіл Астана қаласы әкімдігі жанынан құрылған Тіл секторына басшы болып тұрған кезде, елордада жаңадан ашылып жатқан мекемелердің (мейрамхана, дүкен, дәмхана, т. б.) атын қою үшін кәсіпкер Тіл секторымен келісетін тәртіп болыпты. Осы ұстаным бойынша мейрамхана ашып, оған «Бешбармақ» деп ат берген кәсіпкердің ұсынысын Қонысбай Әбіл өткізбей қойыпты. Кәсіпкер соттасуға дейін барыпты. Сот үстінде марқұм Ақселеу Сейдімбек «Бешбармақ» деген – қазақты кемсітіп, қорлап айтылған сөз. Бұл – «калбит» деген сөздің екінші баламасы. Оташылар бізді мәдениетсіз, қалай тамақ жеуді білмейді, көрсоқыр, надан деп, етті қолмен жегеніміз үшін осылай келекелеп атаған. Мұндай оташылар енгізген итаршы сөздің Астананың төрінде тұрғаны – құлдықтың айқын белгісі» деген уәж айтып, кәсіпкерді жүйеге жыққан екен. Ал қазір ше? Қонысбай, Ақселеудей ағаларымыз арамыздан кеткен соң сол «бешбармақ» атауын бас қаланың төріне жарқыратып тұрып іліп қойдық. «McDoner`s кафесіндегі» «Бешбармақ орталығы» деген сөз соның дәлелі емес пе?..

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БАС ҚАЛАНЫҢ ӨРЛЕУ БАҒЫТТАРЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесіп, елорданың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымен таныстырды. Бас қалада алда атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Елорда жұртшылығын толғандыратын мәселелер бойынша ашық әңгіме жүргізіп, кеңес мүшелерінің ұсыныстарын тыңдады, олардың сауалдарына жауап берді. Ал кеше қала басшысы қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысып, елорданың әртүрлі бағыттағы өрлеуі жайында баяндады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР КӨПТЕП САЛЫНАДЫ

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстарына тоқталған Жеңіс Қасымбек кәріз тазарту құрылғысы (КОС-2) құрылысы жоспарымен таныстырды. Оның айтуынша, жобаның сараптамасы келесі жылдың басында дайын болып, тиісті құрылыс жұмыстары көктемде басталады. LRT құрылысын да алдағы 2025 жылы аяқтау межеленді.

Жыл бойы елордада қаланы көркейту бойынша бірқатар жұмыс жүргізіліп, 140-тан астам аула, саябақ, сквер, бульвар және аллея абаттандырылды. Қала басшысы мектептерді, ауруханаларды, жатақханаларды салу мерзіміне, жолдар құрылысына, көгалдандыру және абаттандыру жоспарына, жолдардағы қауіпсіздік, газдандыру бойынша жұмыстарға, тұрғын алаптардың қалай дамитынына тоқталды.

Қала басшысының сөзінше, қалаға қажет әлеуметтік нысандар да көптеп салынады. Мәселен, осы жылдың аяғына дейін 24 мектеп іске қосылады. Бұл 30 мың оқушы орнын қамтамасыз етіп, 3 ауысымдық оқуды жояды. Жалпы 3 жылда елордада 60-қа жуық мектеп салу жоспарланған.

Мектептермен қатар балабақшалар да бой көтереді. Атап айтқанда, 2 жылда 10 балабақша салынады. Олардың әрқайсысы 300 орынға арналады. Соның бірі осы жылдың соңына дейін Әйтеке би көшесінде ашылады.

Денсаулық сақтау нысандары да көбейеді. «Самұрық-Қазына» қорының қаржысымен алдағы көктемде «Көктал» тұрғын алабының Ақан сері көшесінде №3 көпсалалы ауруханың құрылысы басталып, 2026 жылы аяқталуы тиіс. Оның жанында «Мабетекс» фирмасы перзентхана салуды бастап, 2026 жылы іске қоспақ. «Казахстрой» мекемесі де бір перзентхананы осы мерзімде салуы тиіс.

«ТІЛ САРАЙЫН» САЛУ ҰСЫНЫЛДЫ

Қалалық Қоғамдық кеңестегі кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Кеңес мүшелері елорда тұрғындары назар аударатын қаланың өзекті мәселелері бойынша сұрақтарды қойды. Атап айтқанда, коммуналдық тариф, тұрғын үй құрылысы, білім ошақтарының мәселелері, спорт-мәдениет инфрақұрылымын жетілдіру бағыттары бойынша пікірлерін айтып, сауалдарды жолдады. Қала әкімі және шаһар әкімдігіне қарасты ведомство басшылары оларға егжей-тегжейлі жауап берді.

Қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев Астана қаласының Тіл басқармасы мен Ішкі саясат басқармасы елорданың зиялы қауым өкілдері мен қала белсенділерін шақырып, тіл саясатын жетілдіру бойынша және түрлі қоғамдық-саяси, мәдени мәні мол іс-шараларды жоғары деңгейде өткізіп келе жатқанын айрықша атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін одан әрі арттырып, оның қолдану аясын кеңейту бағытындағы ұсыныстарын жеткізді. Соның ішінде келелі кеңес құруға септігін тигізетін, қала жұртшылығы жиі кездесіп, ордалы ойларын ортаға салып, қала тұрғындары менталитетін қалыптастыру жолында ақылдасып, кеңесетін арнайы жер жоғын айта кетті.

«Осыған орай, елордада «Тіл сарайын» салдырсақ, тіліміздің төрге шығарып, тіл құдіретін арттырған болар едік. Осындай еліміздегі жалғыз «Тіл сарайын» Талдықорғанда сол кездегі облыс әкімі, мемлекет және қоғам қайраткері Серік Үмбетов салдырған еді. Ашылу салтанатында «Тіл сарайлары» ел астанасынан бастап, барлық облыс орталықтарында ашылса артық болмас еді деген ақжарма тілегімізді айтқан едік. Қазіргі кезде «Тіл сарайында» үш тұғырлы тілді дамытуға арналған қыруар шаралармен қатар, жүйелі түрде түрлі деңгейдегі семинарлар, конференциялар ұйымдастырылып, тіл саясатын егжей-тегжейлі түсіндіріп, насихаттау мақсатында тілдер фестивалін, конкурстар мен байқаулар өткізу дәстүрге айналғанынан хабарымыз бар. Осы ұсынысымызды қаперге алуыңызды сұраймын» деді Кәрімбек Құрманәлиев.

ПЕДАГОГ КАДРЛАР АРТАДЫ

Ол егер осы ұсынысы қабылданып, іске асса, елордадағы «Тіл сарайының» алдына ұлт ұстазы, көрнекті тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішін орнатуды, елорда көшелеріне биыл 100 жылдығы мемлекеттік деңгейде аталып келе жатқан тіл білімінің тарландары Әбдуәли Қайдаров, Шора Сарыбаев пен Рабиға Сыздықова есімдерін беруді ұсынды.

«Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың білім және ғылым жөніндегі спикері ретінде тағы да бір көкейтесті мәселені қозғағым келіп тұр. Елорданы дамыту мәселелеріне арналған өткен жылғы кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада педагогикалық университет құру туралы қоғамдық пікірді қолдайтынын айтқан болатын. Сонымен бірге биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында да жайлы мектеп пен педкадрларды даярлау мәселесі көтерілген еді. Астанада мұғалімдер жетіспеушілігін шешу бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары ескерілсе, Мемлекет басшысы берген тапсырманың оң шешілуіне ықпал етер еді деген ойдамыз» деді Кәрімбек Құрманәлиев.

Осы орайда қала әкімі Жеңіс Қасымбек елордада мектептердің көптеп салынуына байланысты және педагог кадрлардың тапшылығын жою мақсатында нақты жұмыстар қолға алынғанын жеткізді. Оның айтуынша, Алматының Абай атындағы педагогика университетінің факультеті Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашылды. Астананың педагогикалық колледжі негізінде жоғары «Астана» университетімен бірге мұғалімдерді даярлайтын оқу орнын ашу қаралып жатыр. Жыл сайын педагогикалық мамандықтарға қала әкімінің гранттары бөлінуде.

ЕШБІР МӘСЕЛЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қалалық мәслихат депутаттары шаһар әкіміне сұрақтарды қойып, ұсыныстарын жеткізді. Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов жол-көлік оқиғалары мен жанармайдың шығынын азайтуға мүмкіндік беретін арнайы және қоғамдық көліктерді бақылау жүйесіне қатысты ұсынысын айтты. Жеңіс Қасымбек қалалық жобалардың жүзеге асуын бақылау ісінде қалалық мәслихаттың депутаттық корпусының маңызды рөлін атап өтіп, ешбір мәселенің назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында басқа да мәселелер қаралды. Бұл мәселелер елордада аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалануға, жер телімдерін мемлекет мұқтаждығы үшін алуға қатысты болды. Сондай-ақ қала әкімдігі жанындағы бірқатар комиссия құрамдарына өзгерістер енгізілді. Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов АЭС құрылысы бойынша референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша депутаттарға белсенді қызмет үшін алғыс хаттарды тапсырды.

ҚАРДАН ТАЗАРТУ ТОЛАССЫЗ ЖҮРУДЕ

Бас қалада қар тазалау жұмысы қызу жүріп жатыр. Кешелі бері толассыз жауған ақ ұлпа елордалықтарды едәуір әбігерге салды. Қала тұрғындары мен көлік қозғалысына кедергі келтірмес үшін коммуналдық шаруашылық саласының мамандары тәулік бойы күшейтілген ауысым режимінде жұмыс істеп жатыр.

Өткен түнде Астананың коммуналдық қызметтері қаладан 28 мың текше метрден астам қар шығарды. Күндізгі ауысымда қала көшелерін қар мен мұздан тазарту үшін 2,6 мыңға жуық жол жұмысшысы мен 1,5 мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды. Қыс басталғалы бері қар полигондарына 154 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Сарыарқа ауданы әкімі аппараты абаттандыру бөлімінің бас маманы Асылбек Әбішевтің айтуынша, коммуналдық қызметтер ауданды қардан тазарту жұмысын күшейтілген режимде жалғастыруда.

– Қар маусымы басталғалы бері ауданнан 20 мың м³-ден астам қар арнайы полигонға шығарылды. Тазалау жұмысына күн сайын 300-ден астам арнайы техника мен 600-ден астам жол жұмысшысы жұмылдырылады. Ең басты назарда орталық көшелер, қоғамдық көлік аялдамалары, жаяу жүргіншілер жолдары, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге кіреберістердің қары шығарылып жатыр. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс үздіксіз жүргізілуде, – деді бас маман.

Тұрғындардың ыңғайлылығы мен қар тазалау жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ауданда арнайы қар тазалау кестесі жасалды. Осы кестеге сәйкес, тұрғындар коммуналдық қызметкерлер мен арнайы техниканың қозғалысын қамтамасыз ету үшін автокөліктерін уақытша басқа орынға қоюға мүмкіндік алады. Кестеде жауапты мамандар мен мердігерлердің байланыс нөмірлері көрсетілген. Тұрғындар көмек қажет болған жағдайда аудандық аппараттың мамандарына тікелей хабарласа алады.

Алматы ауданында күн сайын 400-ге жуық арнайы техника мен 100-ден аса жол жұмысшысы қар тазалауға шығады. Күндізгі ауысымда коммуналдық қызметтер 6886 текше метрден астам қар шығарды. Қар тазарту жұмысы басталғалы бері аудандағы 20540 текше метр аумақ тазартылды.

Байқоңыр ауданында да қаланы қардан тазарту жұмысы белсенді жалғасуда. Алдыңғы кезекте тұрғындардың қозғалысы үшін әлеуметтік нысандар мен аялдама аумақтары, жаяу жүргіншілер кеңістігі мен тротуарларды қар мен мұздан тазарту жұмысы жүзеге асуда. Ауданда қар тазалау жұмысына аудан бойынша 350-ден аса арнайы техника мен 400 жол жұмысшысы жұмылдырылған.

Нұра ауданының аумағын қардан тазарту үшін көшелерге 232 арнайы техника мен 437 жол жұмысшысы шықты. Коммуналдық қызметтер бірінші кезекте орталық көшелерді, жаяу жүргіншілер жолы мен аялдамалардың маңын тазартуда. Сонымен қатар жолдар мен тротуарлар тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру үшін тұз және реагенттермен өңделуде.

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

БЕДЕУЛІК НЕГЕ БЕЛЕҢ АЛА БАСТАДЫ?

Қазіргі уақытта бала сүйе алмай жүрген жандар көп. Тек Астана қаласының өзінде 1300-ден астам әйел бедеулік диагнозы бойынша тіркеуде тұр деген ақпарат бар. Бедеулік бойынша ресми түрде тіркеуге тұру үшін ерлі-зайыптылар ЭКО немесе квоталық медициналық көмек алу керек. Арамызда әлі тіркеуге тұрмаған, яғни өз бетінше емделіп жүрген әйелдер де аз емес. Сондықтан қанша адамның бедеу немесе белсіз екенін нақты айту қиын. Бірақ әрбір алтыншы отбасы сәби сүйе алмай отырғаны ақиқат.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Репродуктолог-дәрігер, «Экомед» клиникасының медициналық директоры Алмаз Ибрагимов ең алдымен бедеулік пен белсіздік ұғымын түсіну керек дейді. Оның айтуынша, отбасының бір жыл ішінде бала көтермеуін шартты түрде бедеулік деп айтуға болады. Бірақ ол келесі айда немесе 3-4 айдан кейін көтеруі мүмкін.

«Белсіздік – ер-азаматтардың жыныстық қатынасқа мүмкіндігінің болмауы. Бұл – бұрыннан бар мәселе. Бірақ емдік шаралар болмағандықтан, адамдар ашық жариялауға қымсынған. Жалпы дүниежүзілік мамандардың зерттеуі бойынша бедеулік көрсеткіші жоғарылап барады. Әрбір бесінші және алтыншы отбасы осы мәселемен бетпе-бет кездеседі. Ер адамның шәуетінің зерттеу қорытындысының өзі осыдан 10 жыл бұрынғы статистикамен салыстырғанда қазіргі нормативі төмендеген. Бізге келіп анықталып, емделіп жатқан отбасылардың 15 пайызында бедеуліктің алғашқы немесе екінші сатысы кездеседі» дейді ол.

СЕБЕБІ КӨП

№7 қалалық емхананың акушер-гинекология бөлімінің меңгерушісі Алтынай Берікова бедеуліктің көбеюі физикалық, әлеуметтік және экологиялық факторларға тікелей қатысты екенін айтады. Экология, яғни ауаның, судың ластануы, химиялық заттарды тұтыну ағзамызға теріс әсер етеді. Әсіресе жыныстық гормондар өзгеріп, бедеулікке әкелуі мүмкін. Одан кейін екінің бірінде кездесетін стресс, дұрыс тамақтанбау, артық салмақ, темекі шегу, алкогольді ішімдіктерді қолдану денсаулықтың нашарлауына және жыныстық жүйенің бұзылуына әкеледі.

«Қоғамда жастар үйленуге асықпайды. Алдымен білім алу, карьера алдыңғы қатарға шықты. Ал әйелдің жасы ұлғайған сайын жүкті болу ықтималдығы азаяды. Себебі уақыт өте келе әйелдің жұмыртқа жасушаларының саны мен сапасы төмендейді. Келесі бір себеп – жұқпалы аурулар. Жыныстық жолмен таралатын инфекциялар, атап айтқанда, хламидиоз, гонорея, сифилис және басқа да инфекциялар бедеулікке алып келеді. Сондай-ақ тұқым қуалайтын мәселелер де бар. Ата-анадан балаларға ауысып кететін кейбір генетикалық бұзылыстар жыныстық функцияның бұзылуына әкеледі» дейді маман.

Бедеулікке әсер ететін себеп өте көп. Сондықтан уақытында медициналық көмекке жүгіну өте маңызды. Диагностика мен емдеуді ертерек бастау арқылы бұл мәселені шешуге болады. Егер бедеулік себептері белгілі болса, тиісті емдеу мен шаралар арқылы жүктілікке қол жеткізу мүмкіндігі артады.

ДИАГНОСТИКА – ТЕГІН

«Бала көтере алмай жүрген әйел емханаға барғанда қандай тексеруден өтеді?» деген сауалды Астана қаласы City емханасының акушер-гинекологы, 25 жылдық тәжірибесі бар жоғары санатты дәрігер Жанат Жалғасбайқызына қойған едік.

«Әйелдерге арналған диагностикаға гинекологиялық тексеру, гормоналды зерттеулер, овуляцияны бақылау, фаллопиев түтіктерін тексеру (гистеросальпингография), лапароскопия, жатырдың құрылымдық тексеруі және генетикалық тестілеу жатады. Ер-азаматтар да тиісті диагностикадан өтеді. Мәселен, ерлердің бедеулігін анықтау үшін бірінші кезекте спермограмма жүргізіледі. Бұл тест сперматозоидтардың сапасын анықтайды. Егер сперматозоидтар саны аз немесе олардың қозғалысы нашар болса, бұл бедеулікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар гормоналды зерттеулер, семинификация, ультрадыбыстық зерттеу тағайындалады. Мұның бәрі МӘМС аясында «сақтандырылған» статусы бар азаматтарға тегін көрсетіледі» дейді Жанат Жалғасбайқызы. Егер «бедеулік» деген диагноз қойылса, одан әрі репродуктологтың кеңесіне жіберіледі екен.

БЕДЕУЛІКТІҢ ШЕШІМІ БАР

Жалпы жұптарға көмек көрсететін әртүрлі емдеу әдісі бар. Оның ішінде экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭКО) сияқты инновациялық тәсілді ерекше атаған жөн. Яғни медицина саласындағы жетістік бедеулік мәселесін қолдан ұрықтандыру арқылы шешуге мүмкіндік беруде. Осы ретте Ана мен бала ұлттық орталығының жоғары санатты репродуктолог дәрігері, «Репродуктивті денсаулық» бағдарламасының меңгерушісі Владимир Ким – сәби сүйгісі келген ата-анаға қуаныш сыйлап жүрген жанның бірі. Ол құтыдағы баланы құрсаққа салып беру процесінің қалай жүретіні туралы қысқаша айтып берген еді.

«Эко процедура, негізінен, 6 кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші кезеңде аналық безді гормоналды стимуляторлармен бірнеше жұмыртқаның жетілуін ынталандырамыз. Яғни 6-дан 15-ке дейін жұмыртқаның жетілуі жеткілікті. Екінші кезең – аналық безден жұмыртқа алу, бұл аналық бездердің трансвагиналды пункциясына операция жасау арқылы жасалады. Ал үшінші кезеңде жұмыртқаны ұрықтандырамыз. Ол классикалық немесе ICSI әдісімен жасалады. Төртінші кезеңде белгілі бір температуралық режимде арнайы инкубаторлар жағдайында эмбриондарды өсіреміз. Сонымен қатар эмбриондарды іріктеу жүргізіледі. Оның сапасы жағынан ең жақсысы алынады. Соңғы бесінші кезең – эмбриондарды тасымалдау. Арнайы катетердің көмегімен таңдалған ең жақсы эмбриондар жатыр қуысына енгізіледі» дейді дәрігер. Айтуынша, соңғы 4 жыл бойы ЭКО бағдарламалар тек Қазақстан азаматтарына ғана жүргізіліп келеді.

Түсінгеніміз, қолдан ұрықтандыру үшін әйелдің жасына шектеу жоқ. Бірақ егде жастағы әйел денесінің функционалдық мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты жүктілік ана мен баланың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы жағдайда ғана ЭКО процедурадан бас тартылады. Ал еркек белсіз болса, ұрық донору көмекке келеді. Қазіргі таңда ұрық донорын жасырын немесе жасырын емес таңдауға болады екен. Оларға қойылатын талап Денсаулық сақтау туралы кодекстің 148-бабында айқындалған. Яғни Қазақстан Республикасының 18 жастан 35 жасқа дейінгі, физикалық және психикалық тұрғыдан сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтардың донор болуға құқығы бар. Негізінен, жақын туыстары жыныс жасушаларының донорлығына ең жақсы үміткерлер дейді дәрігер.

> ҚР 18 жастан 35 жасқа дейінгі, физикалық және психикалық тұрғыдан сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтардың донор болуға құқығы бар

«Қазір ЭКО әдісінің өзі бедеулікті емдеуде жоғары сұранысқа

ие технология болып отыр. Технологиялардың ішінде жыныс жасушалары мен эмбриондарға қатысты криотехнологияны қолдану кеңейді. Сондай-ақ эмбриондарды генетикалық тестілеу арқылы тұқым қуалайтын аурулары бар балалардың тууын болдырмауға болады» дейді Владимир Ким.

Айтуынша, Қазақстанда қолдан ұрықтандырудың құны басқа елдермен салыстырғанда қолжетімді. Ерлі-зайыптыларды тексеруге және дайындауға стандартты түрде 1-2 ай уақыт кетеді екен. Аталмыш орталық консультациялық-диагностикалық шаралардан бастап босануға дейін қызмет көрсетеді.

P.S: ***Бедеулікті емдеу өте көп уақытты, шыдамдылықты және қаржыны талап етеді. Емдеу әдістері әрбір жұпқа арнайы тағайындалады. Бедеуліктің себебі ерлі-зайыптылардың жасына және денсаулық жағдайына байланысты. Егер бедеулік туралы күдік туындаса, тез арада дәрігерге уақытылы жүгіну керек. Өйткені ерте диагноз қойылған жағдайда, емдеу әлдеқайда тиімді болады.***

МӘМС: БОЛАШАҚ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН

Жүкті әйелдер үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру маңызды қызмет түрлерін ұсынады. Осыған орай, Астана қаласы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы болашақ аналарға арналған нұсқаулық ұсынады.

Жүкті әйелдер «сақтандырылған» деген мәртебені қалай алады?

1. Жұмыс істемейтін әйелдер:

Егер әйел ресми түрде жұмыс істемесе, онда ол жеңілдетілген категорияға жатады, яғни МӘМС бойынша төлемдер мемлекет тарапынан жүргізіледі. Жүкті әйелдерге диспансерлік есепке тұрған кезде «сақтандырылған» статус автоматты түрде беріледі. Жүйе соңғы екі айдағы зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды тексереді, бұл оның жұмыс істемейтінін растау үшін қажет.

2. Жұмыс істейтін әйелдер:

Жұмыс істейтін әйелдер үшін МӘМС жарналарын жұмыс беруші төлейді. Ал декреттік демалысқа шыққан соң, «жұмыс істемейтін жүкті әйел» ретінде жеңілдік категориясына ауысып, МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» статусын алады.

3. Жеке кәсіпкерлер:

Егер әйел жеке кәсіпкер ретінде тіркелсе, жарналарын өз бетінше төлеуге міндетті. Тіпті табыссыз болса да, жарналарды төлеу керек. Егер кәсіпкерлік тоқтатылған болса, онда әйел «жұмыс істемейтін жүкті әйелдер» ретінде жеңілдік статусын ала алады.

Жүкті әйелдер үшін МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» мәртебені алу өте маңызды. Бұл медициналық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан әйелдер жұмыс жағдайына байланысты төлемдерді уақытында жүргізіп отыруы қажет.

НЕФРОЛОГТАР БАС ҚОСТЫ

Астанада Түркі әлемі, Еуропа, АҚШ, Сауд Арабиясы, Түркия елдерінен келген жетекші сарапшылардың қатысуымен Орталық Азия конгресі өтті. Жиында бүйрек ауруларын емдеудің үздік тәсілдері талқыланды.

Бүйрек аурулары әлемде 750 миллион адамда кездеседі. Қазақстанда бүйрек ауруларын ерте анықтау мен басқаруды жақсарту үшін бірнеше жаңа бағдарлама қабылданған. Денсаулық сақтау министрі форумға қатысушыларға арнаған сөзінде бұл аурудың алдын алу мен тиімді емдеудің маңызын атап өтті.

Конгресте бүйрек аурулары бойынша халықаралық тәжірибе алмасу, скрининг жүргізу, ауруларды бақылау және кешенді терапия қолдану мәселелері қаралды. Сондай-ақ министрлік бүйрек ауруларының асқынуын болдырмау үшін жаңа зерттеулер мен бағдарламаларды енгізуді жоспарлап отыр.

Айта кетейік, конгреске әлемнің түрлі елдерінен 400-ге жуық маман қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткенін айтып, жол-көлік оқиғасының жиілеп кеткеніне алаңдаушылық білдірді. Расында, жыл сайын жолда орын алатын төтенше жағдайлардан 2 мыңнан астам адам көз жұмады екен. Келеңсіз жағдайлардың негізгі себебі неде, қалай алдын алуға болады? Бұл сұрақтың жауабын арнайы мамандардан білдік.

Сұлтан СЕЙІТ

АСТАНАДА ДА БІР-БІРІНЕ СОҒЫСҚАН КӨЛІКТЕРДІ ЖИІ КӨРЕМІЗ. 2022 ЖЫЛЫ ЕЛОРДАДА ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНЫҢ САЛДАРЫНАН 750 АДАМ ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛСА, 28 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ. 2023 ЖЫЛЫ ЖОЛ БОЙЫНДА 35 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

ЖОЛ АПАТЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ЖОЛ АПАТЫНА НЕ СЕБЕП?

Шыны керек, жол-көлік оқиғасы қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Мәселен, 2022 жылы ел бойынша 14,8 мың жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 2425 адам қайтыс болса, 2023 жылы 15,9 мың жол апаты орын алып, одан 2,5 мың адам көз жұмды. Дерекке қарағанда, жыл өткен сайын жол-көлік оқиғасы саны артып, бақылық болатын адамдар көбейіп келеді. Мәселен, 2024 жылдың 8 айында 15,8 мың жол-көлік оқиғасы болып, 1,4 мың адам зардап шекті. Астанада да бір-біріне соғысқан көліктерді жиі көреміз. 2022 жылы елордада жол-көлік оқиғасының салдарынан 750 адам дене жарақатын алса, 28 адам қаза тапты. 2023 жылы жол бойында 35 адам қаза тапты. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр әрі жол апатының 87 пайызға жуығы жүргізушілердің кінәсінен орын алады. Жол үстінде төтенше жағдайға тап болғандар арасында тұтас отбасылар опат болуда. Мемлекеттің негізгі ресурсы адам десек, мұндай қайғылы жағдайдың алдын алу маңызды екенін түсінеміз.

Жол апатының негізгі себебі – жылдамдықты арттыру, мас күйінде және ережені сақтамай көлік жүргізу. Яғни көлік рөлін игергендер арасында жауапкершілік төмендеп, жолда жүру ережесін сақтамайтындар бар. Бұған әсер ететін факті көп. Соның бірі – куәлік беретін орындардағы сыбайлас жемқорлық.

Әрине, бақылау жоқ жерде жөнді тәртіп те болмайды. 2009 жылы Ішкі істер министрлігі жүргізушілерді даярлайтын оқу ұйымдарын лицензиялау алынғалы мониторингтік бақылау тоқтады. Қазір автомектептерде оқымай-ақ анықтама алып, Халыққа қызмет көрсететін орталықтарда сынақ тапсыра алады. Мұны жоққа шығара алмаймыз. Осыған ұқсас фактілер Көкшетау, Өскемен қаласында анықталып, жауапты мамандар жазаланғанын жақсы білеміз. Ел аузында жүрген сөздерге сенсек, қазір Астанада жүргізуші куәлігінің бағасы 280 мың теңгенің айналасында. Осыдан 4-5 жыл бұрын 60-80 мың теңгенің аралығында болғанды. Бұл көлік жүргізушілеріне арналған мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарының жағдайды реттеуге қабілетінің жетпей жатқанын көрсетеді.

– 2022 жылғы 10 наурыздан бастап жүргізуші куәлігін алатындардан теориялық емтихан қабылдау бәсекелі ортаға берілді. Алайда теориялық емтихан қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алып, 2023 жылдың қазан айында келісім тоқтады. 16 қазаннан Мемлекеттік корпорация сыбайлас жемқорлықты болдырмау және қатаң тәртіпті сақтау мақсатында теориялық емтиханды «ЖЖЕ 3.0» бағдарламасымен тапсырады, – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің орынбасары Ростислав Коняшкин.

Бірақ мәселе мұнымен шешілген жоқ. Бағдарламамен емтихан тапсыру басталғалы түрлі айла-шарғы қолданған 222 факті анықталды.

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Жыл сайын дүние жүзінде жол-көлік оқиғасының салдарынан миллионнан астам адам көлік апатынан қайтыс болады. Бұл – күніне 3,2 мың, минутына 2 адам өледі деген сөз. 10 өлімнің 9-ы табысы төмен және орташа елдерде орын алады. Алайда кедей елдерде әлемдегі көліктердің небәрі 1 пайызы ғана бар. Жол-көлік оқиғасы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде көп тіркеледі. Статистика бойынша мұнда қаза болғандар 28 пайызды құрайды. Батыс Тынық мұхиты аймағында – 25 пайыз, Африкада – 19 пайыз, Латын Америкасында – 12 пайыз деңгейінде. Ең төмен көрсеткіш Еуропада – 5 пайыз. Канадада, Жаңа Зеландияда және Жапонияда жазатайым оқиғадағы өлім-жітім ең төмен. Қауіпсіз көлік қозғалысы бойынша Швеция жетекші саналады. Онда 100 мың адамға шаққанда 3 өлім шамасында. БҰҰ жолдағы өлімді азайтуда жүргізушілерді жауапкершілікке тарту жеткіліксіз екенін, жолдың сапасын және инфрақұрылымды жетілдіру маңызды деп санайды. Сарапшылар жүргізуші жоқ көліктерді тездетіп іске қоспаса, жолдағы өлім-жітімді азайту қиын екенін мойындайды.

Әлем елдері жол апатын азайтумен әртүрлі күресуде. Жүйелі істі көлік жүргізуші куәлігін беруден де көруге болады. Мәселен, Австралия, Оңтүстік Африка Республикасы, Жапония, Финляндия, Италия, Швеция, сондай-ақ Германияда жүргізуші куәлігін алу өте қиын. Бұл елдердің кез келгенінде автомектептер жүргізушіге жоғары талап қояды. Мәселен, рейтингте бірінші орында тұрған Австралияда жүргізуші куәлігін алу үшін кемінде 4 жыл керек. Осы уақытта көлік жүргізу екі рет теориялық, екі рет практикалық сынақтан өтеді. Ал Финляндияда медициналық тексерістен өткендер үш кезең – тұрақты курс, қысқы және экстремалды (төрт сағат теориялық сабақ және төрт сағат қауіпті жағдайда көлік жүргізу) жағдайда көлік жүргізуі тиіс. Жапонияда жүргізуші куәлігін алатындар алдымен көру және есту қабілетін тексереді. Содан кейін үміткер автомектепте екі айлық курстан өтіп, емтихан тапсырады. Ал Ұлыбританияда алдымен уақытша куәлік алады. Айтқандай, 1926 жылы Парижде, 1949 жылы Женевада, 1968 жылы Венада өткен халықаралық конвенциямен реттелетін халықаралық жүргізуші куәлігі бар. А6 форматтағы төлқұжатты барлық ел мойындай бермейді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, Қазақстанның жүргізуші куәлігі Жол қозғалысы туралы конвенцияға (Вена, 1968 ж.) қол қойған елдерде жарамды. Қазіргі уақытта бұл қатарда 80-нен аса мемлекет бар. Бізге де әлем елдерінің үздік тәжірибесін саралап, жүргізуші куәлігін беруді қатаңдататын заң нормаларын қабылдау керек сынды.

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ БАР МА?

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2020 жылы – 115 мың, 2021 жылы – 135 мың, 2022 жылы – 105 мың, 2023 жылы – 184 мың, 2024 жылдың 9 айында 102 мың адам жүргізуші куәлігін алды. 2020-2024 жылдары теориялық емтихан тапсыру барысында 1050 рет рұқсат етілмеген заттарды қолдану фактісі анықталды. Ал практикалық емтиханды ә дегеннен тапсыру мүлде қиын екен. Солай бола тұра, жыл сайын жүргізуші куәлігін алатын адамдар саны артып келеді. Бұл сұраққа Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха жауап берді.

Біріншіден, Ішкі істер министрлігі автомектептердегі оқыту курсын қайта қарап, мемлекеттік бақылау функциясын қайта алудың оңтайлы жолын қарастыру керек.

Екіншіден, автомектептерді ашу тәртібін күшейтіп, оқу ұйымдарының материалдық-техника талаптары ескерілуі тиіс.

Үшіншіден, жүргізуші куәлігін алуға дайындайтын автомектептерді автоматтандырылған ақпарат жүйесіне қосып, емтихан алу процесін YouTube-те онлайн көрсетуді жолға қойып, ашықтық пен жариялықты қамтамасыз ету маңызды.

Сарапшылар арасында білім беру жүйесі мектептерде жолда жүру тәртібі мен көлікті жүргізу негіздерін үйрететін арнайы факультативті курс ашқан артық емес дейді. Мектеп оқыған кезде біздің буын мұндай игілікті көргенімізді айту керек-ақ.

Мәжіліс депутаты Данабек Исабеков көлік жүргізушілерін даярлайтын автомектептердің жауапкершілігін арттыру маңызды екенін атады.

– Автомектептерді қайта лицензиялап, орталықтардың жауапкершілігін арттырған дұрыс. Мәселен, жыл көлемінде белгілі бір автомектепті бітірген жүргізушілер жолда жүру ережесін көп бұзса, ондай мектептің лицензиясын кері алу керек. Сонда шәкірттер дайындап, қаржы тауып отырған орталықтар лицензиясынан айырылып қалмау үшін сапалы жұмыс істеуге тырысады. Мұндай тәжірибе Еуропа елдерінде сәтті қолданып отырғанын айту керек, – деді.

Жол-көлік оқиғасын азайтуда жол инфрақұрылымын жетілдіру керек. Асфальттың сапасын арттырумен бірге жол бойына цифрлы технологиялар – бақылаушы камераларды орнатудың артықшылығы көп. Қысқасы, жол қозғалысы бағытында төтенше жағдайды азайту кешенді жұмысты талап етеді.

– Жол қозғалысы қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында жол желілеріне 847 тексеру жүргізіліп, 1596 ұйғарым шығарылды. Атап айтқанда, нұсқаулық аясында 3 аумаққа оңай жиналатын құрылымнан жасалған жаяу жүргіншіге арналған шлагбаумдар орнатылды. Бұл қоршаулар рұқсат етілмеген жерлерден жолды кесіп өтуді болдырмауға мүмкіндік береді. Басқарылатын 59 жаяу жүргіншілер өткелінде қосымша жарықтандыру орнатылды. 17 учаскеде бағдаршам орнатылды. 8 учаскеде реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі реттелетін жолға ауыстырылды. А.Байтұрсынов және Ж.Нәжімеденов көшесінде жолақ саны 6-дан 7-ге ұлғайса, Шарль де Голль көшесінде 4-тен 5-ке, Сығанақ көшесінде 8-ден 10-ға көбейді. 15 жол қиылысында солға және кері бұрылу алынып тасталды (барлығы 54-і жойылды).

2024 жылдың 9 айында Полиция департаментінің қызметкерлері 3 миллиард 613 миллион теңгенің 214,8 мың жол қозғалысы ережесін бұзу фактісін анықтады. Ал жаяу жүргіншілер тарапынан 169,8 миллион теңге құрайтын 22,7 мың құқық бұзушылық тіркелді. «Ekin Patrol G2» мобильді жүйесінің 5 бірлігі «Сергек» камералары жоқ аймақтағы жол қозғалысын бақылайды. Осы жүйенің көмегімен 9 айда 47,5 мың бұзушылық белгілі болды, – деді Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияров.

2025 жылдан бастап жылдамдықты асырғандар айыппұлды екі есе артық төлейді. Дұрысы, жылдамдықты 60-тан асырғанда салынатын айыппұл 157 мың теңгеден асады. Бұл елді мекенде немесе қалада жылдамдықты шамадан тыс арттыратын жүргізушілердің екпінін басатын тетік бола ала ма?

P.S: ***Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 2030 жылға қарай әлем бойынша жол-көлік апатынан қаза болатындар санын екі есе азайтуды мақсат етті. Бұл бағыттағы бастамалар жүйелеуде құқық қорғау мен денсаулық сақтау, білім беру мен қоғам ұйымдар бірлесе жұмыс істеуі маңызды. Тиімді шараларға қауіпсіз инфрақұрылымды жобалау және көлік құралының қауіпсіздік жүйесін, заңнаманы жетілдіру керек. Бастысы, жүргізушілерді даярлайтын орталықтардың жауапкершілігін арттыру маңызды. Біздің ел бұл бағыттағы жұмыстарды қандай деңгейде жүргізеді, нәтиже де соған сай өзгереді.***

№136 (4724) 14/11/2024 Бейсенбі

ЕСЕСІ ҚАЙТҚАН ЕҢБЕК – ИГІ

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры, елордалық Қоғамдық кеңесі төрағасы, ҚР Ұлттық Құрылтай мүшесі

Биыл Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 30 жыл толды. Тарих тұрғысынан алғанда, бұл қас-қағым сәт. Десек те, Мемлекеттік басқару академиясының қалыптасу тарихы – тәуелсіз Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты және оның ажырамас бір бөлігі екені ақиқат. Қазіргі уақытта республикамыздағы заңды түрде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәртебесін иеленген жалғыз жоғары оқу орны болып табылады.

Егемендіктің бастапқы кезеңінде жаңа экономика құру және елді басқарудың жаңа талаптары аясында білікті кадрларға деген қажеттілік ерекше байқалды.

Мемлекет басшысының кәсіби мемлекеттік аппаратты құру және стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыра алатын ұлттық элитаны қалыптастыру жөніндегі идеясы – жоғары білікті кадрларды даярлау қажеттілігін одан сайын арттыра түсті. Сонымен бірге мемлекеттік қызметке кадрларды даярлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізуге түрткі болды. Осы күрделі кезеңде елдің нарық талаптарына бейімделген мемлекеттік басқару органдары үшін мамандар даярлайтын бірнеше мамандандырылған оқу орындары құрылды.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерді кәсіби оқытудың инфрақұрылымын құру бағытында бірқатар маңызды қадамдар іске асырылды. Олардың құрамындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты (1991 ж.), Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық жоғары мектебі (1996 ж.), Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты (2001 ж.) ерекше мәнге ие болды. Осы аталған оқу орындары жаңа формациядағы кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлауға зор үлес қосты. Олардың түлектері еліміздің көрнекті мемлекет қайраткерлері, орталық және жергілікті билік органдарының басшылары сияқты жоғары дәрежедегі мамандарға айналды.

КӘСІБИ ОҚЫТУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жас тәуелсіз мемлекеттің алдында стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыра алатын кәсіби мемлекеттік аппаратты құру міндеті тұрды. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 1994 жылғы 29 тамызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің негізі қаланды. Сондықтан бұл күнді академияның алғашқы айтулы күнтізбесіне енгізіліп, қалыптасқан күні ретінде тарихта қалды десек те болады. Сондай-ақ Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің тұңғыш директоры ретінде Нұрлан Жұмағалиұлы Дәненов тағайындалды. Осы тұста айта кететін бір қызық дүние – Ұлттық басқару мектебі өз қызметіне үлгі ретінде Францияның мемлекеттік әкімшілік мектебінің (ENA) моделін таңдады. Ол да кездейсоқтық емес, өйткені біздің еліміздің саяси жүйесінің құрылымның негізінде Франция республикасының моделі жатыр. Оны көпшілік тарихтан біледі. Осылайша 1995 жылы алғашқы тыңдаушылар қабылданды.

Ұлттық басқару мектебінің мәртебесіне алғашқы тыңдаушыларды жинақтау да ерекше мәнге ие болды. Мектепке қабылданған алғашқы білім алушылар мемлекеттік органдардың ұсынымдары негізінде, емтихандар мен сұхбаттасудан өткен кандидаттар арасынан іріктелініп алынды. Бүгінде, осы алғашқы түлектердің есімдері көпшілікке белгілі. Олардың арасында Қ. Келімбетов, С.Қапаров, Ф.Қуанғанов, А.Перуашев, М.Мусатаев, Д.Қалетаев, Ә.Исекешев және басқалары бар. 1995 жылдан 1998 жылға дейінгі аралықта мектеп базасында 81 мемлекеттік басқару менеджерлері түлеп ұшты. Бүгінде олар еліміздің алыс және жақын шетелдерінде танымал сарабдал саясаткерлерге айналды.

Бүгінгі таңда академия құрамындағы Дипломатия институты да Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қыркүйектегі «ҚР Сыртқы істер министрлігінің жанынан Жоғарғы дипломатиялық мектебін ашу туралы» №1102 қаулысымен құрылды. Содан кейін, Үкіметтің 24 желтоқсандағы №1589 қаулысымен кейінірек елордамыздағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті құрамына енгізілді. Дипломатиялық мектептің алғашқы директоры ретінде мемлекет және қоғам қайраткері М.Жолдасбеков тағайындалды.

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы Сот төрелігі академиясы да өз уақытында Мемлекеттік басқару академиясының құрамында болғанын атап өткіміз келеді. Анықтама ретінде айтар болсақ, арнайы оқу орнын құру 2001 жылы басталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 1557 қаулысымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты ашылды. Институтты Қазақ КСР, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бұрынғы төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Айтмұхамбетов Тамас Қалмұхамбетұлы басқарды. Институт 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады. Осы алғашқы жылынан бастапақ шамамен 300 судья өздерінің біліктілігін көтерді.

Білім ордасын әр жылдары елімізге танымал А.С.Серікбаев, Ж.А.Құлекеев, А.С.Ахметов, Б.К.Есекина, А.А.Өрсариев, Б.С.Әбдірасилов, Ф.Н. Жақыпова, А.А.Ахметов сынды тұлғалар басқарды. Олардың әрқайсысы да академияның тыныс-тіршілігіне өз заманына сай тың өзгерістер, идеялар мен жаңашылдық енгізді. Бүгінде академияны экономика ғылымдарының кандидаты Е.Қ.Әбіл басқарады. Осы оқу орнында елімізге танымал Т.Ы.Сүлейменов, А.Б.Зейнелгабдин, Б.М.Сапарбаев сынды қазақтың көрнекті тұлғалары дәріс оқығанын және оқып жүргенін мақтанышпен айта аламыз.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛІ АРТТЫ

Академия өз қызметінде «Дәстүрді сақтай отырып, болашаққа ұмтыламыз» қағидатын қатаң басшылыққа алады. Қазіргі таңда оқу орнының тыңдаушыларын сапалы білімімен қамтамасыз ету мақсатында 81 оқытушы-профессор құрамы табысты еңбек етуде. Соның ішінде 12 ғылым докторы, 32 ғылым кандидаты, 21 PhD қызмет атқарады.

Жыл сайын академияға 132 тыңдаушы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі бойынша қабылданады. Соның ішінде магистратураға 120, докторантураға 12 адам қабылданды. Осы жерде ақпарат ретінде айта кетсек, академия өзінің 30 жылдық тарихында магистратурада –11, докторантурада – 3, Білім беру бағдарламасы бойынша 3000-нан астам түлектер даярлап шықты.

Кейінгі толқын түлек арасында бүгінгі таңда биік мансап белесінде жүрген бірқатар азаматтарды айтуға болады. Мысалы, Талғат Ілиясұлы Ешенқұлов – Ғылым және жоғары білім вице-министрі, Тамабек Абулхаир Ғалымұлы – Ауылшаруашылық вице-министрі, Айдаров Алмас Айдарұлы – Сыртқы істер вице-министрі, Нұрлан Жаңбыршаұлы Нүркенов – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары.

Академияның төрт магистрлік бағдарламасы EAPAA (Еуропалық мемлекеттік басқару аккредитация қауымдастығы) тарапынан аккредитациядан өтті: «Мемлекеттік басқару», «Экономика», «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар». Академиялық саясатты іске асыруда Смарт академия жобасы аясында келешекте жасанды интеллектіні пайдалану қарқынды жолға қойылмақ. Бұл жоба келешекте мемлекеттік қызметшілердің тиімді басқарушылық шешім қабылдау құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, академияда мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік және жеке сектордың базаларына тыңдаушыларды көшпелі дәрістерге апарумен қатар, аталған мекемелерден қонақ дәрістерге лекторлар шақыру үрдісі жақсы жолға қойылған. Сондағы біздің мақсатымыз – тыңдаушылардың бойындағы кәсіби құзыретті қатар дамыту.

Оқытушы-профессор құрамы білім беру барысында тыңдаушыларға кейстік әдістер, интерактивті баттл және гемификациялық әдістерді кеңінен пайдаланады. Нәтижесінде тыңдаушылардың сараптамалық құзыреттері дамиды.

Сондай-ақ академия қабырғасында әр аптаның жұма күндері тыңдаушылардың қызығушылығына қарай даму күні өтеді. Даму күні аясында олар еліміздегі көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік және жеке сектордың өкілдерімен кездесіп, өз бойларындағы Мемлекет басшысы көтеріп жүрген мемлекеттік қызметшілердің бойындағы кәсіби және коммуникациялық құзыреттер мен бірге «Адал азамат» пен «Әділетті қоғам» құндылықтарын дамытып қана қоймай, оларды өз бойларына сіңіреді.

Сонымен қатар, тағы бір жақсы жолға қойылған академиялық үрдіс – көшпелі қорытынды аттестация өткізу. Тыңдаушылар өз магистрлік жобаларын мемлекеттік органдар және оған бағынысты ұйымдарда қорғайды. Сондағы мақсат – бітіруші түлектердің ұсыныстарын жылдамырақ мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруде пайдалану және олардың мансаптық өсуіне жол ашу.

Академия құрамында Кәсіби даму институты да өте жемісті қызмет атқарып келеді. Ол мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруға маманданған.

Институттың басты мақсаты – жоғары білікті мемлекеттік аппарат қалыптастыруға және басқару, талдау, коммуникация сияқты маңызды бағыттар бойынша құзыреттер деңгейін арттыруға қолдау көрсету. Институттың білім беру саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 125 Қаулысына негізделеді, ол бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үш жылда бір рет біліктілікті арттырудан өтуі тиіс. Оқу бағдарламалары мемлекеттік қызметшілердің функционалдық міндеттеріне сәйкес бағыттар бойынша әзірленіп, олардың өзектілігі мен практикалық қолданылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, академияда алғаш рет «Б» корпусының мемлекеттік қызметіне жаңадан тағайындалған қызметкерлер үшін қайта даярлау курстары қарастырылған. Оқу процесі қайта даярлау курстарын және әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге арналған біліктілікті арттыру семинарларын қамтиды. Оқудың ұзақтығы форматқа байланысты: семинарлар 8-ден 80 академиялық сағатқа дейін, ал қайта даярлау курстары 120 академиялық сағатқа дейін созылады.

Институт кәсіби және жеке құзыреттерді дамытуға бағытталған 100-ден астам тақырыптық бағыттар бойынша біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеп, табысты іске асыруда.

Президенттік жастар кадр резерві (ПЖКР) мүшелері үшін жыл сайын оқыту бағдарламалары өткізіліп, басқарушылық дағдылар дамытылады.

АКАДЕМИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Оқу орнының халықаралық байланыстары академияның тұрақты дамуында стратегиялық маңызға ие. Жаһандану жағдайында мемлекеттік қызметшілер халықаралық саясатта өз елінің мүдделерін ұлттжандылықпен мемлекетшілік рухта қорғай білуі өте өзекті. Қалыптасқан геосаяси жағдайда еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру, жаңа инвестиция көздерін тарту, жаңа технология және инновация саласында сыртқы байланыстарды жандандыру үшін алыс және жақын шетелдермен байланыс орнату, тәжірибе алмасу өте өзекті болып тұр. Сонымен бірге, бірлескен ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, дамыту бағыттары да жаңа сапалық деңгейге көтерілді.

Қазіргі таңда академия қызметіндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту маңызды орын алады. Тәжірибе көрсеткендей, біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру, қазіргі заманғы ғылыми әдістемелерді енгізу, сондай-ақ магистратура және докторантура бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми және білім беру қызметінде халықаралық серіктестермен өзара іс-қимылды кеңейту аса маңызды.

30 жылдық қызмет барысында академия мемлекеттік басқару және мемлекеттік саясат саласындағы әлемнің жетекші университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, АҚШ, Бельгия, Италия, Франция, Финляндия, Сингапур, Түркия, БАӘ, Литва, Қытай, Болгария, Ресей, Грузия, Үндістан, Орталық Азия елдері, Әзербайжан және басқа да елдерден серіктестерімен белсенді ынтымақтаса отырып, өзара тиімді серіктестікті жалғастырып келеді.

Академия тыңдаушылары Қазақстанда және шет елдерде тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие. 2023-2024 жылдары Мохаммед бин Рашид мектебі, Анвар Гаргаш академиясы (БАӘ), Миколас Ромерис университеті (Литва), Қазан федералдық университеті (Ресей), Кавказ халықаралық университеті (Грузия), Джавахарлал Неру университеті (Үндістан), София университеті (Болгария), ADA университеті (Әзербайжан) сияқты білім беру мекемелерінде тағылымдамалар сәтті ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарынан басқа, магистранттар мен докторанттар халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие. Қазіргі уақытта Дипломатия институтының докторанттарының бірі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымында тағылымдамадан өтуде.

Қазіргі уақытта Академияда Сейняйоки қолданбалы ғылымдар университеті (Финляндия), Сиракуз университеті (АҚШ) және Мохаммед бин Рашид мемлекеттік басқару мектебімен (БАӘ) бірлескен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2024 жылы Италияның Ұлттық мемлекеттік басқару мектебі және Франция, Қытай, Түркияның озық университеттерімен қос диплом бағдарламаларын іске асыру жоспарлануда.

Академия Erasmus+, БҰҰДБ, Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКҰ) сияқты халықаралық жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысады. Орталық және Шығыс Еуропадағы Мемлекеттік басқару институттары мен мектептері желісі (NISPAcee) және Америка мемлекеттік басқару қоғамы (ASPA) сияқты халықаралық қауымдастықтардың мүшесі ретінде академия түрлі іс-шараларға, форумдарға және конференцияларға қатысады, сондай-ақ халықаралық деңгейде серіктестік байланыстарды нығайтуда.

Қорытындылай келе, академия өзінің 30 жылдығы аясында бірнеше табысты жобаларға қол жеткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында берген тапсырмаларын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлескен жобалар арқылы жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуға тиіс» деген тапсырмасын іске асыру бағытында академияның жанынан «Адами ресурстарды басқару» институты құрылды. Ал 2023 жылғы 01 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғастыру туралы тапсырмасы Агенттікпен нақты жоба арқылы әлі де жалғасып келеді. Сонымен бірге, Президентіміздің «Жоғары лауазымға ие болғысы келетіндер көп, бірақ олардың біліктілігі тиісті талапқа сай келмейді, сондықтан кадр мәселесін міндетті түрде қолға алуымыз керек, сапалы мамандар тәрбиелеу қажет» деген тапсырмасы да екі ұжым тарапынан нақты жоба ретінде жүзеге асуда. Биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы Мемлекет басшысы «мемлекеттік органдардың бәрі кадр жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйеге көше бастады. Енді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Үкімет бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің кадр мәселесіне қатысты жұмысын толық автоматтандыруы керек» деген тапсырмасын жүзеге асыруда қоян-қолтық бірігіп жұмыс жасауда.

Дана халқымызда «Есесі қайтқан еңбек – игі» деген қанатты сөз бар. Осыдан 30 жыл бұрын негізі қаланған оқу орнының мемлекетті басқару саласындағы мемлекеттік қызметшілерді даярлау бағытындағы атқарған еңбектері еліміздің саяси-экономикалық әлеуетін көтеруде еселеніп қайтты деп айтуымызға толық негіз бар деп ойлаймыз.

Айтулы жыл аясында, академияның барлық құрылымдары мен қызметкерлері Мемлекет басшысының тапсырмаларында көрсетілгендей мемлекеттік басқару мен оны жетілдірумен қатар, мемлекеттік қызметшілердің беделін арттыру жолында аянбай еңбек етуде. Осы тұрғыдан алғанда, Агенттік басшылығына үлкен алғысымызды білдіреміз.

«Өмір көшкен керуен дегендей», ортамызда шат-көңілмен жүретін, зейнет жасына жетіп, ақсақалдықтың ақ жолына түсуге талпынған асыл азаматымыз, Астана қаласының Құрметті азаматы, өмір жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге, тағдыры еліміздің жүріп өткен жолымен сабақтас болған Қуаныш Махмұтұлы Алпысбековтің дүниеден өткеніне үш жылдай уақыт болыпты.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕГІ АЗАМАТ

Атпал азамат дүрбелеңге толы жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында дүниеге келіп, осы ғасырдың алғашқы ширегінде мәңгілік мекеніне аттанды, артында қалған өзі өмір сүрген қоғамына, еліне қалтқысыз қызмет жасады.

Алпысбековтің еліне, қоғамына, отбасына, ортасына, ағайын-туыс, жора-жолдастарына жасаған азаматтық, адамгершілік жақсылықтары мен еңбектерін жинастырса, бір емес бірнеше дастан болатынына еш күмән жоқ. Мен Қуаныш Махмұтұлының азаматтық, адамгершілік бейнесін сипаттайтын бірнеше деректерді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

...Қуаныш Алпысбековтің балалық шағы соғыстан кейінгі қазақ ауылында өтті және ол өмір сүрген ортаның сол кездегі Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ауылдардан еш айырмашылығы жоқ. Қазір бұл елді мекен қазақтың атын бүкіл әлемге танытқан, кіндік қаны осы жерде тамған балуан Қажымұқан ауылы деп аталады. Қуаныштың әкесі Махмұт «Новоишимка» дейтін колхоздың төрағасы болған. Соғыстан кейінгі ауыр жағдайға қарамастан, сол жылдардағы колхоз-совхоздардың жұмысын тік тұрғызып, ел экономикасы мен халықтың әлеуметтік тұрмыстарын көтерген Махмұт ағаның есімі осы уақытқа дейін халық жадында. Қолы босаған сәттерде Махмұт ағай ағынан жарылып, балаларына «ерінбей еткен еңбектің түбі – зейнет, жұмыстың жақсысы немесе жаманы болмайды, атқарған жұмысыңа шын беріліп істегенде ғана өзіңе де, қоғамға да пайда еселеп келеді, еңбек еткен ұжымдағы беделің де арта түседі» деп отыратын. Осы қағидаларға Қуаныш биліктің сан салалы қызметтерін атқарғанда талай рет көз жеткізді.

Тынымсыз колхоз жұмысы қашанда бастан асып жатса да әкесі Махмұт пен анасы Хафиза балалар тәрбиесіне, олардың білім алуларына ерекше мән беріп отырды. Әкесі қолы бос кезінде балаларын жанына отырғызып алып, балапандарым, қолдарыңда біреуге көмектесу мүмкіндігі болса, міндетті түрде қол үшін беріңдер және одан жақсылығыңның қайтарымын күтпеңдер. Халықта: «Жақсылығыңды міндет етпе» деген даналық сөз бар. Жасаған қайырымың өзіңе қайтпаса да, сендердің туған-туыстарыңа, әулетіңе жақсылық нұры болып ерте ме, кеш пе, әйтеуір оралары анық. Әкесінің бұл айтқан өсиеті Қуаныштың бүкіл болмысында жатталып қалды. Қайда болса да, қандай лауазымды қызметтер атқарса да ол әкесінің айтқан ақылын ешқашан естен шығарған емес.

Колхоз орталығы Ақмола қаласына жақын болғандықтан, Қуаныш мектепті қалада бітірді. Онжылдықты тәмамдаған соң ол өзінің қалауымен Новосібірдің теміржол транспорты инженерлік институтына түсіп, диплом алысымен осы саладағы жұмысты Есіл станциясынан бастады. Жас маманның іскерлігін байқаған Тың теміржол басқарма басшылығы біраз уақыт істеген Қуанышты Ерейментауға станция бастығы етіп тағайындады. Осы бір құтты мекен Қуаныштың лауазымдық қызметінің өсуінің бастамасына айналды. Екі мыңнан астам адамы бар ұжымда жас маман нағыз еңбектің қадірін біліп, әр кезде де жинақы және жауапты болудың негізін қалай білді, адамдармен қоян-қолтық араласып, шыңдалу мектебінен сүрінбей өтті.

Сол жылдардағы партияның кадр саясатында бүгінгі күнге үлгі етіп аларлық жақсы ерекшеліктер бар болатын. Өз ісіне қабілетті жастарды батыл жоғарылатып, қолдап отыратын. Соның мысалы ретінде көп ұзамай Ерейментау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Зикен Рамазанов Қуанышты аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына ұсынды. Ол болса, қанша қасарысып, көнгісі келмегенмен сол кездегі тәртіп – партия айтты ма, оны сөзсіз орындау қажет болатын. Аудандық комсомол комитетіндегі Қуаныштың жұмысы ұзаққа созылған жоқ, бір жылға жетер-жетпес мезгілде облыс басшылығы Қ.Алпысбековті Целиноград облыстық комсомол ұйымына жетекшілік етуге шақырды.

Шынын айтсақ, Қуаныш мұндай күрт өзгерісті күтпеп еді. Неліктен таңдау маған түсті? Жауапкершілігі мол мұндай жұмысты алып жүре алам ба деген сан қилы сұрақтарды өзі-өзіне қойып, абдырап қалды...

Шаруашылықтағы қоғамдық-саяси, мәдени жұмыстардың барлығын өз қолына алған жаңа комсомол жетекшісі зор жауапкершілікпен құлшына іске кірісті. Облыс орталығында еңселі ғимараттар – Кеңестер үйінің, сол заманғы Тың игерушілер сарайының, Жастар сарайының, ауруханалар мен балалар бақшаларының құрылыстары қарқынмен жүріп жатты. Құрылысшылардың басым бөлігі – жастар мен комсомолдар болатын. Ауыл шаруашылығында да жағымды өзгерістер болып жатты. Егін ору, шөп шабу, отар-отар қойлар мен ірі қара малды бағып жүрген де жастар еді. Соның нәтижесінде көп ұзамай-ақ, оның ұйымдастырушылық қабілеті көріне бастады. Мұндай іскер, ізденімпаз қызметкер партия органдарына да қажет еді.

Жас маманның қарымын байқаған Целиноград қалалық партия комитеті Қ.Алпысбековке Совет аудандық партия комитетінің тізгінін сеніп тапсырды. Осылайша қызмет бабы өскен сайын Қуаныш Алпысбеков түрлі ортада болып, адамдармен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтады, жаңалыққа жаны құмар маман ретінде еңбек ұжымдарында болып, жұмысшылардың талап, шағымдарына ерекше көңіл бөлуді жағымды әдетке айналдырды.

1985 жылы Целиноград қалалық атқару комитетінің төраға қызметін жемісті атқарып жүрген Қуаныш Алпысбеков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөліміне ауысты. Бұл қызметтің ең басты талабы – адамдармен тіл табыса білу, әсіресе партия кадрларының мүмкіншілігін аша білуде Қуаныштың білімі мен түрлі салаларда жинақтаған тәжірибесі осындайда көмекке келді, ұжымдағы әріптестермен қоян-қолтық араласып, өздеріне қатысты мәселелерді талқылауда оның ой-өрісі дараланып, нақты ұсыныстары көптің көңілінен шығып жататын.

Орталық партия комитетіндегі Қ.Алпысбековтің аппараттағы нәтижелі жұмысы туралы жағымды пікір Димаш Ахметұлы Қонаевтың да назарына іліккен болуы керек.

1986 жылдың қыркүйек айы болатын. Жұмыс уақыты аяқталып, үйге кетуге жиналып жатқан Қ.Алпысбековті телефон шырылы тоқтатты. Телефонды көтергені сол еді, ар жағынан ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Сұлтановтың ентіккен дауысы естілді: – Тез детіп Димаш Ахметұлының қабылдауына барыңыз, – деді ол.

Қабылдау бөлмесіне кірген Қуанышты бірінші хатшының көмекшісі Дүйсетай Бекежанов есікті ашып, ішке итермелегендей болды. Одан арғы әңгімені Қуаныш Алпысбеков маған былайша жеткізген еді:

– Димекең ұзын үстелдің басында отыр екен. Мені көріп, баяу тұра бастады. Үстелінің үстінде жатқан өз құжаттарымды байқадым. Қол алысып, амандасқан соң, отырыңыз дегендей ишара білдірді. Содан соң сәл тыныс жасап:

– Қуаныш, сені өсетін жерге жіберіп отырмын. Қостанай обкомының хатшылығына ұсынылдың. Жолың болсын! – деді ықыласпен.

Сосын орыс тілінде: «Қазір Мәскеуге, КОКП Орталық Комитетіне әңгімелесуге барасың. Ол жерде мен туралы «қыртыл-мыртыл» секілді бейәдеп сөздер айтылуы мүмкін. Жауабын қалай беруді өзің білесің» деді. Димекең қоштасарда қолымды қысып, бірдеңе айтқысы келгендей ұзақ ұстады. Өзімнің пайымдауымша, мен оның ақ жол тілеген соңғы кадрларының бірі болуым керек.

Осылайша арман қуалаған қиялмен Мәскеуге жеттім. Келісімен Орталық партия комитетінің инспекторы Мищенко, одан соң ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Разумовскийлердің қабылдауында болып, олардың аузынан шыққан Қонаев атамыз айтқан «қыртыл-мыртылды» естіген Қ.Алпысбековтің Алматыдан келген көтеріңкі көңілі су сепкендей басылды. Қуаныш өмірінің сол кезіне дейін бірде-бір адамнан осындай бейпіл сөзді естіп көрмеп еді. Кремльден шыққан Қуаныш Алпысбеков үшін Орталық Комитеттегі мәскеулік партократтар мәдениеттен жұрдай, білімдері таяз, саналары улы шовинистік зәрмен уланған, осындай жоғары лауазымға кездейсоқтықпен келген, жеке бастарының жағдайын ғана ойлаушы, басқа ұлттар өкілдеріне немқұрайды қарап, шовинизм мен шизофренизм дертіне шалдыққан науқастарды елестеткендей болды. Әйгілі Желтоқсан көтерілісінен кейін СОКП Орталық партия комитеті қабылдаған «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулыны дайындағандар да сонда ұзақ жылдар бойы тамыр жайған осындай шовинистер тобы болуы әбден мүмкін.

Сол кездегі байыпты кадр саясатының және алған білімі мен біліктілігінің арқасында ауылдың қарапайым баласы Қазақстанның ірі аймағы басшыларының қатарына дейін көтерілді. Осының бәрі Қуаныштың табиғат берген қабілеті мен адал жұмысының арқасында мүмкін болды. Ал мұндай қасиет ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен даритыны белгілі.

Қостанай облыстық партия комитетінде хатшы қызметін жемісті атқарып жүрген Қуаныш Алпысбеков тағдырдың жазуы ма, жоқ әлде сол кезде қалыптасқан партия тәртібі сондай болды ма, СОКП Орталық партия комитеті орталық аппаратта қызмет істейтін білікті қызметкерлерді Одақтас республикалар арасынан іріктей бастағанда таңдаулары Қуаныш Махмұтұлына түсті. Олар Қ.Алпысбековті Орталық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің инспекторлығына тағайындап, әрі оған Ресейдің Вологда, Псков облыстарының кураторлығын қосып берді.

Жат жерде жүрген Қуаныш Алпысбековтің жанында сүйенері де, сенім артар ешкімі болмады. Сондықтан қандай бір жауапкершілікті өз мойнына артып, қазаққа тән иманшылдық пен нартәуекелдік арқасында өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқара білді.

Әсіресе, Вологда облысы мен сол аймаққа қарайтын Череповец және Великий Устюг қалаларында өткізілген облыстық және қалалық партия конференцияларында Қуаныш Алпысбековтің білімі мен біліктілігі, дәйекті дәлелдері сол аймақтағы коммунистер мен жұмысшыларды, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін таң қалдырмай қоймады.

Бұл кезде Орталық партия комитетінде де өзгерістер болып жатты, атап айтқанда, аппарат қысқартыла бастады. Бұрын Қуаныш істеген Солтүстік Батыс экономикалық ауданы секторындағы 7 қызметкерден өзі ғана қалды. Енді Қуанышқа қарасты облыстар сапына Ленинград қаласы мен Ленинград, Архангельск, Новгород, Мурманск, Калининград облыстары, Карелия мен Коми автономиялы республикалары қосылды. Жұмыс бұрынғыдан да күрделене түсті.

КСРО тарағаннан кейін Қуаныш Алпысбеков елге оралды. Көлік министрі Н.Есенғариннің ұсынысымен оны осы министрліктің орынбасарлығына тағайындады.

Бірде Қуаныш Алпысбековті өзі бұрыннан бері жақсы білетін Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары Ежиков-Бабаханов шақырады. Кездесу кезінде Премьер-министрдің орынбасары үш мұхит лайнерін сатып алу жайлы әңгіме қозғайды. Алайда Қ.Алпысбеков бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы шықты. Қуаныш Махметұлы осы тұста, егер осындай қымбат кемелер алуға бел бусақ, онда жаңадан құрылып жатқан Ақтау теңіз-кеме қатынасы айлағы үшін «өзен-теңіз» үлгісіндегі танкерлер алуымыз қажет екенін дәлелдейді. Сондай-ақ үш лайнердің жұмыстарын бақылаудың қымбатқа түсетінін, халықаралық кеме қатынастар тәжірибесінде қымбат лайнерлерді көбінесе қару-жарақтар, есірткілер тасымалында жиі пайдаланатынын ескертті.

Алпысбеков бұл әрекетке қарсы қанша дәлелдер келтіргенімен, Ежиков- Бабаханов әңгіме барысында енді бұл мәселені сөзбұйдаға салудың қажет еместігін, лайнерлер сатып алу мәселесінің шешіліп қойғанын білдірді. Алпысбеков болса, бұл жұмыстың ақылға симайтындығына көз жеткізгеннен кейін, қарсылық белгісі ретінде қызметінен отставкаға кететіні жайлы өтініш берді.

Жоғарыда сөз болған үш теңіз лайнерлерін қазақстандықтардың көргені немесе сол лайнермен саяхат жасағандары бар ма екен? Лайнерлерді сатып алуға жұмсалған есепсіз қаржы қай жақтан келді, кімнің қойны-қонышына түсті екен? Бұл мәселе осы күнге дейін жабық күйінде жатыр.

Тәуелсіздік жылдары Қуаныш Махмұтұлы екі рет Парламент депутаты болып сайланды. Бірінші рет 1994 жылы 13 шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды. Депутаттық мандаты мерзімінен бұрын аяқталғанмен, Қ.Алпысбековті жаңа қызмет – Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымы күтіп тұрды. Қайда еңбек етсе де, қызметтік міндеттерді ойдағыдай орындауға күш-қабілетін аямай жұмсап, осы лауазымға қойылған басшылардың үлкен сенімінен шығуға және қарапайым жұрттың үміттерін ақтауға тырысты. Елдің сенімін арқалаған кезде жауапкершіліктің нағыз салмағын айрықша түсіне білді.

1999 жылғы Мәжіліске депутаттар сайлау науқаны өте қиын жағдайда өтті. Бұл кезде Қазақстанның тұрғындары үлкен қиындықтарды басынан кешіріп жатты. Республиканың экономикасы жамбастап жатып қалған еді. Ел жалақыларын, шамалы зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерін айлап ала алмаған уақыт еді. Дәл сол кезде Қуаныш облыс басшыларының бірі болатын. Жұрт өздерінің өміріндегі қиындықтарға кінәлі билік өкілдері деп білетін. Қ.Алпысбеков жоғарғы қызметтің тұтқасын ұстағаннан кейін елде болып жатқан оқиғалар үшін жауапты екенін жақсы түсінді. Сондықтан сайлаушылардың қойған сауалдарына орай, елдегі қиындықтар үшін өзінің жауапты екенін ашық мойындап, мүмкіндігінше адал, дәлелді жауаптар беруге тырысты. Ақырында облыстың алты ауданы Қуаныш Алпысбековтің кандидатурасын қолдап, ол депутат болып сайланды.

Депутаттық мандатты пайдаланып, Қуаныш Ақмола облысы бойынша бірнеше мектеп салу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлдірді, көптеген ауылдарында ауызсу мәселесінің шешілуіне ықпал жасады, автокөлік жолдарын жаңадан салуға, күрделі жөндеуден өткізуге қомақты инвестициялар салдырды. Қуаныш өзіне тән жігермен қайнаған оқиғаның ортасында болып, көкейкесті жайлардан жалтармай, сайлаушылардың үміттерін ақтау үшін азаматтық белсенділік таныта білді.

Осы кезде, Астана қалалық әкімдігі мен Республикалық Ардагерлер кеңесінің басшылығы Қ.Алпысбековтің адамдармен жақсы қарым-қатынас орната алатын тәжірибесін және елорда ардагерлерінің басым көпшілігін білетінін ескеріп, оған Астана қалалық Ардагерлер кеңесін басқаруды ұсынды.

Мен журналистік өмірімде халқына адал қызмет етіп, маңдай терін төккен, Тәуелсіздік жылдары еліне жан жүрегімен қызмет еткен талай тарландарды білемін. Солардың бірі, ерекше сыйлайтын тетелес інім – Қуаныш Махмұтұлы Алпысбеков. Бұрын сырттай біліп жүрсем де кейіннен бірнеше рет кездесіп жүздескеннен кейін, маған алғашқы беттен-ақ еліне деген адалдығы, қызметіне деген әділеттігі ұнады. Әйтеуір, оны қай кезде көрсем де, іштей разы болып, үнемі құрмет тұтып жүрдім.

